

**Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарының лауазымдар тізбесін анықтау туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 156 қаулысы. Ақмола облысы Зеренді ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 6 сәуірде № 1-14-179 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 536 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді ауданы әкімдігінің 03.09.2013 № 536 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 18 бабының 2) тармақшасына және 238 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына және Зеренді аудандық мәслихатының «Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарының лауазымдар тізбесін келісу туралы» 2012 жылғы 19 наурызындағы № 2-15 шешімі сәйкес Зеренді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарының тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.А.Таласбаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының әділет Департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е.Сағдиев

«КЕЛІСІЛДІ»

мәслихаттың хатшысы

Қ.Ауғалиев

Зеренді

ауданы

З е р е н д і а у д а н д ы қ

2012

жылғы

26

әкімдігінің

№

156

наурыздағы

қосымша

қаулысына

**Зеренді ауданының бюджеті есебінен лауазымдық  
жалақыны жиырма бес пайызға жоғары алуға құқығы  
бар ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін  
денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыздандыру,  
білім беру, мәдениет және спорт мамандарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамтамасыздандыру мамандарының лауазымдары:

1) мамандар (бас, аға), соның ішінде: инспектор, кеңесші (соның ішінде әлеуметтік жұмыс бойынша), қарау бойынша әлеуметтік жұмыскер, әлеуметтік жұмыс бойынша маман.

2. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) қазыналық кәсіпорынның және мемлекеттік мекеменің жетекшісі және жетекші орынбасары;

2) жалпы білім беретін мектептің, мектеп-интернаттың және т.б. бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі, қосымша білім беру мекеме директорының (бастықтың) ғылыми, оқу жұмысы, оқу-өндірістік, оқу-тәрбиелік, тәрбие жұмысы бойынша директор орынбасары;

3) мектепке дейінгі қазыналық кәсіпорынның және мемлекеттік мекеменің жетекшісі;

4) әдістемелік кабинет бөлімшесінің және есеп-қисап жетекшісі;

5) оқу кабинетінің, интернаттың меңгерушісі;

6) мамандар (бас, аға), соның ішінде: барлық мамандықтар бойынша мұғалімдер, кітапханашы, басшы, тәрбиеші, нұсқаушы, шебер, есепші, медициналық бикесі, емдәм бикесі, әдіскер, музыкалық жетекші, ұстаз, үйірме жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім беру педагогі, логопед-мұғалім, мұғалім-дефектолог;

7) нұсқаушы, әдіскер, тәрбиеші, оқу-тәрбиелік, оқу-сауықтыру өндірістік оқыту орталығының (кешеннің) шебері;

8) оқу-тәрбиелік жұмысымен тікелей айналысатын нұсқаушы, денешынықтыру-спорт ұйымының нұсқаушы-әдіскері.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) қазыналық кәсіпорынның және мемлекеттік мекеменің жетекшісі және жетекші орынбасары;

2) көркемдік жетекшісі;

3) кітапхана меңгерушісі, мәдени ошақ меңгерушісі, көркем-қойылым бөлімінің, әдеби-драммалық, музыкалық;

4) мамандар (бас, аға), соның ішінде: аккомпаниатор, актер, әртіс, мұрағатшы, режиссер ассистенті, балетмейстер, библиограф, кітапханашы, дирижер,

әуенрежиссер, нұсқаушы, өнертанушы, концертмейстер, мәдени-ұйымдастырушы, әдіскер, музыкалық жетекші, қоюшы-оператор, режиссер көмекшісі, режиссер, қоюшы-режиссер, солист, хореограф, хормейстер, сақтаушы (соның ішінде мұражайлардағы қордың), барлық атаулардағы суретшілер, экскурсия жүргізуші.

#### 4. Спорт мамандарының лауазымдары:

1) қазыналық кәсіпорынның және мемлекеттік мекеменің жетекшісі және жетекші орынбасары;

2) кешен, филиал бөлімшесінің жетекшісі;

3) спорт клубының меңгерушісі;

4) мамандар (бас, аға), соның ішінде: барлық атаулардағы дәрігерлер, нұсқаушы, шебер, медициналық бике, әдіскер, психолог, жаттықтырушы, фельдшер.